

Техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 350 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 мамырда № 11169 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 561 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 24.05.2016 № 561 бұйрығымен.

«Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 89-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (И. В. Лепеха):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерізді баспа басылымдарында ресми жариялауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Е.З. Тургумбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р
полиция генерал-лейтенанты Қ.Қасымов

" К Е Л І С І Л Д І "
Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
----- Ә.Исекешев

2015 жылғы 27 сәуір

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің

Техникалық қарап тексеру операторларының тізілімін жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық қарап тексеру операторларының тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 89-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және техникалық қарап тексеру операторларының тізілімін жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Техникалық қарап тексеру операторларының тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне міндетті техникалық қарап тексеру жүргізуді жүзеге асыратын техникалық қарап тексеру операторларының бірыңғай тізбесін жүргізу мақсатында құрылады.

3. Тізілім бірыңғай, мерзімімен нақтыланып отыратын техникалық қарап тексеру операторларының және олар туралы барлық қажетті ақпараттық-анықтамалық сипаттағы мәліметтерді қамтитын тізбені білдіреді.

4. Тізілімге енгізуді және оны жүргізуді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көліктік бақылау органдары) ұсынған ақпараттың негізінде жүзеге асырады.

2. Тізілімді жүргізу тәртібі

5. Тізілімге енгізу:

1) осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға оның тіркелген орны бойынша көліктік бақылау органдарына ұсынған ақпаратты енгізуді;

2) көліктік бақылау органының Тізілімге енгізу немесе оған енгізуден бас тарту туралы шешімді қарауын, қабылдауын көздейді.

6. Тізілімге енгізу үшін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға мынадай құжаттарды:

1) өтініш;

2) заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе куәлік;

3) жеке кәсіпкер үшін – жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі және жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәлік;

4) техникалық қарап тексерудің стационарлық желісін ашқан жағдайда – «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабының 1-тармағына сәйкес жүргізілген жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу туралы жазуы бар, техникалық қарап тексеру операторының жылжымайтын мүлікке меншік немесе оны иелену және пайдалану құқығын растайтын құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері ;

5) дайындаушы зауыт беретін бастапқы тексеру мерзімі көрсетілген сынақ жабдығы мен өлшеу құралдары паспорттарының көшірмелері және (немесе) салыстыра тексеру үшін түпнұсқалары беріле отырып, өлшеу құралдарын тексеру және сынақ жабдығына аттестаттау жүргізілгенін растайтын құжаттардың көшірмелері. Түпнұсқалар салыстыра тексеруден кейін өтініш берушіге қайтарылады ;

6) техникалық қарап тексеру орталығын ұйымдастыру үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беруші ұсынатын сынақ жабдығы мен өлшеу құралдары туралы ақпарат ;

7) техникалық қарап тексерудің стационарлық желісін ашқан жағдайда – техникалық қарап тексеру орталығының аумағы мен үй-жайының ҚР СТ 1811-2011 «Автоматокөлік құралдары. Міндетті техникалық қарап тексеру. Бақылау әдістері» мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкестігі туралы ақпарат ұсынады .

7. Көліктік бақылау органдары өтінішті оған қоса беріліп отырған құжаттармен бірге ол келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды.

8. Өтінішті және ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша көліктік бақылау органдары өтініш берушіні Тізілімге енгізу немесе Тізілімге енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

9. Тізілімге енгізу туралы шешім көліктік бақылау органы басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығы нысанында ресімделеді.

Тізілімге енгізген немесе Тізілімге енгізуден бас тартқан кезде көліктік бақылау органдары өтініш берушіге осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген мерзім ішінде Тізілімге енгізу туралы хабарламаны немесе дәлелді бас тартуды жібереді .

10. Көліктік бақылау органдары Тізілімге енгізу туралы бұйрық шыққан күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органға:

1) техникалық қарап тексеру операторының атауын;

2) техникалық қарап тексеру операторының мекенжайын (индекс, облыс, аудан, қала (кент, ауыл), көше, үй), байланыс телефондарын, электрондық пошта мекенжайын ;

3) стационарлық техникалық қарап тексеру желісінің орналасқан жерін;

4) стационарлық және ұтқыр техникалық қарап тексеру желілерінің түрі мен санын ;

5) техникалық қарап тексеру операторы қызметінің өңірін қамтитын ақпаратты ұсынады .

11. Уәкілетті орган Тізілімді тұрақты негізде өзінің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында орналастыруды жүзеге асырады.

Тізілімге жаңа техникалық қарап тексеру операторларын енгізген және одан шығарған жағдайда, сондай-ақ Тізілімдегі мәліметтер өзгерген кезде уәкілетті орган осындай ақпарат келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде интернет-ресурста орналастырылған Тізілімді жаңартуды жүзеге асырады.

12. Тізілімге енгізілген техникалық қарап тексеру операторы осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген және Тізілімге енгізу кезінде ұсынылған құжаттардағы өзгерістер туралы көліктік бақылау органдарына осындай өзгерістер енгізілген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарлайды.

13. Көліктік бақылау органдары осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген және Тізілімге енгізу кезінде ұсынылған құжаттардағы өзгерістер туралы хабарламаны алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органға техникалық қарап тексеру операторының құжаттарындағы өзгерістер туралы ақпарат ұсынады .

14. Тізілімге енгізуден бас тарту үшін:

1) осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынбау;

2) ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтердің шынайы еместігі және (немесе) толық болмауы ;

3) осы Қағидалардың 16-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша өтініш берілген күнге дейін алты ай ішінде Тізілімнен алып тастау негіз болып табылады.

15. Тізілімге енгізуден бас тарту үшін негіз болған себептерді жойғаннан кейін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды қайта ұсынады.

16. Тізілімнен алып тастау үшін:

1) жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның техникалық қарап тексеру операторларының тізілімінен ерікті түрде алып тастау туралы өтініші;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкер қызметінің тоқтатылуы, заңды тұлғаның таратылуы;

3) техникалық қарап тексеру операторларының тізіліміне енгізу кезінде

көрінеу шынайы емес ақпарат ұсыну;

4) механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу және жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуді қоса атқару;

5) механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруді жүзеге асыру саласында әкімшілік құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасау негіз болып табылады.

17. Техникалық қарап тексеру операторларының тізілімінен алып тастау туралы хабарлама Тізілімнен алып тастау туралы бұйрық шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жеке кәсіпкерге немесе заңды тұлғаға жіберіледі.

18. Көліктік бақылау органдары Тізілімнен алып тастау туралы бұйрық шығарылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде бұл туралы ішкі істер органдарына жазбаша хабарлайды.

Техникалық қарап тексеру операторларының тізілімін жүргізу қағидаларына

1-қосымша

нысан

Техникалық қарап тексеру операторларының тізілімі

Р/с №	Техникалық қарап тексеру операторының атауы	Техникалық қарап тексеру операторының мекенжайы (индекс, облыс, аудан, қала (кент, ауыл), көше, үй), байланыс телефоны, электрондық пошта мекенжайы	Стационарлық техникалық қарап тексеру желісінің орналасқан жері	Стационарлық техникалық қарап тексеру желісінің жұмыс істеу режимі	Стационарлық техникалық қарап тексеру желісінің түрі және саны	Ұтқыр техникалық қарап тексеру желісінің түрі және саны	Техникалық қарап тексеру операторлары қызметінің өңірі	Техникалық қарап тексеру операторы тізілімін енгізілген өзгерістер толықты
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Техникалық қарап тексеру операторларының тізілімін жүргізу қағидаларына

2-қосымша

нысан

Сынақ жабдығы мен өлшеу құралдары туралы ақпарат

1. Техникалық қарап тексеру орталығында қолданылатын сынақ жабдықтары (бұдан әрі – СЖ)

Анықталатын сипаттамалар көрсеткіштер)	СЖ атауы, түрі (маркасы), дайындаушы (, зауыт және мүкәммалдық нөмірлері	Негізгі техникалық сипаттамалары	Пайдалануға енгізілген жылы	СЖ аттестаттау жөніндегі құжатты күні мен нөмірі, кезеңділігі
1	2	3	4	5

2. Техникалық қарап тексеру орталығында қолданылатын өлшеу құралдары (бұдан әрі – ӨҚ)

Анықталатын сипаттамалар көрсеткіштер)	ӨҚ атауы, түрі (маркасы), дайындаушы, зауыт және мүкәммалдық нөмірлері	Негізгі техникалық сипаттамалары	Пайдалануға енгізілген жылы	Тексеру немесе аттестаттау туралы сертификаттың куәліктің күні мен нөмірі, кезеңділігі
1	2	3	4	5

Техникалық қарап тексеру операторларының тізілімін жүргізу

қағидаларына

3-қосымша

нысан

Техникалық қарап тексеру орталығының аумағы мен үй-жайының сәйкестігі туралы ақпарат

Р/с №	Мазмұны	Ақпаратты растау (сәйкес келеді иә/жоқ)
1	Техникалық қарап тексеру орталығы аумағының ҚР СТ 1811-2011 «Автоматокөлік құралдары. Міндетті техникалық қарап тексеру. Бақылау әдістері» стандартының талаптарына сәйкестігі	
2	Техникалық қарап тексеру орталығы үй-жайының ҚР СТ 1811-2011 «Автоматокөлік құралдары. Міндетті техникалық қарап тексеру. Бақылау әдістері» стандартының талаптарына сәйкестігі	